



**БҮЙРЫҚ**

2024жы 09.02

Атбасар қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 02-03/91-1

город Атбасар

**Мемлекеттік қызметтердің  
2023 жылғы көрсету саласындағы  
қызметі жөніндегі есептердің  
ашық талқылауын өткізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі заңдарына, Ақмола облысының білім басқармасының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 53 қаулысына сәйкес, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Барлық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына, 2024 жылғы 12 ақпанға дейін белгілі әлеуметтік желілер мен мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік қызметтердің 2023 жылғы көрсету саласындағы қызметі жөніндегі есептерді ашық талқылау жүргізудің басталғаны туралы халықты ақпараттандырсын.

2. 2024 жылғы 1 наурызға дейін мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша 2023 жылғы қызметі жөніндегі есепті ресми интернет-ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырсын.

3. 2024 жылғы 30 наурызға дейін мемлекеттік қызмет көрсету саласында 2023 жылғы қызметі жөніндегі есептердің ашық талқылауын өткізсін.

4. 2024 жылғы 8 сәуірге дейін мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы 2023 жылғы қызметі жөніндегі есептердің ашық талқылауын өткізу нәтижелерінің қорытындыларын ресми интернет-ресурстарында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің мемлекеттік қызметтер жөніндегі қызметші А.Қ. Ендыгуловаға жүктелсін.

«Ақмола облысы білім  
басқармасының Атбасар  
ауданы бойынша білім бөлімінің»  
КММ басшысы



003336